

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Астрахань - Красный Яр - Қазақстан Республикасының шекарасы - Атырау (Ақтөбе - Астрахань) автомобиль жолындағы Қиғаш өзені арқылы өтетін шекаралық көпір өткелінің құрылышы жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 тамыздағы N 835 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Астрахань - Красный Яр - Қазақстан Республикасының шекарасы - Атырау (Ақтөбе - Астрахань) автомобиль жолындағы Қиғаш өзені арқылы өтетін шекаралық көпір өткелінің құрылышы жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы келісімнің жобасы мәқұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Қажымұрат Ыбырайұлы Нағмановқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Астрахань - Красный Яр - Қазақстан Республикасының шекарасы - Атырау (Ақтөбе - Астрахань) автомобиль жолындағы Қиғаш өзені арқылы өтетін шекаралық көпір өткелінің құрылышы жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы келісімге қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берे отырып, қол қоюға өкілеттік берілсін

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министр  
Жоба*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі арасындағы Астрахань -  
Красный Яр - Қазақстан Республикасы шекарасы -  
Атырау (Ақтөбе-Астрахань) автомобиль жолындағы  
Қиғаш өзені арқылы өтетін шекаралық көпір өткелінің  
құрылышы жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы  
Келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі:

екі мемлекеттің өнірлері арасындағы өзара алмасулар мен сауда экономикалық  
байланыстар үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында,

жыл бойы сенімді және тұрақты қатынасты қамтамасыз ету және дамыту қажеттігін  
негізге ала отырып,

Астрахань - Красный Яр - Қазақстан Республикасы шекарасы - Атырау (Ақтөбе-Астрахань) автомобиль жолындағы Қиғаш өзені арқылы өтетін шекаралық көпір өткелін жобалау, салу, пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шешім қабылдауды іске асыруға ниет ете отырып, төмендегілер туралы келісті.

## 1-бап

### О с ы К е л і с і м д е :

"көпір" термині деп Қиғаш өзенінің негізгі арнасы арқылы өтетін автожол көпірі үғынылады;

"шекаралық көпір өткелі" термині деп автожол көпірі, сондай-ақ оған қосалқы кіреберістер мен шектес автомобиль жолдары үғынылады.

## 2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіруді тараптардың уәкілетті органдары:

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Ресей тарапынан - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі және Астрахань облысының әкімшілігі жүзеге асырады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақытылы хабардар етіледі.

## 3-бап

Тараптар шекаралық көпір өткелін салудың мынадай қағидаттары туралы келісті:

а) көпір өткелін жобалау және салу үшін тараптардың уәкілетті органдары тепе-теңдік негізде бірыңғай тапсырыс берушінің қызметін құрады;

б) шекаралық көпір өткелін салу шекаралық Қиғаш өзенінің су тасқыны бағытын өзгертпеуі, оның арнасына, жаға сызығы мен мемлекеттік шекараның өту сызығына өзгерістер енгізбеуі, осы ауданда кеме қатынасының қауіпсіздігіне, экологиялық және өзге де қауіпсіздікке зиян келтірмеуі тиіс;

в) көпірді салуға байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде материалдық-техникалық ресурстарды тартумен жобалау-іздестіру жұмыстарына арналған шығындарды, сондай-ақ көпір құрылышына байланысты басқа да шығындарды, уәкілетті органдар әрбір тараптан 50 пайыздан төң үлеспен бөліседі;

г) көпір бірлесіп салынады, пайдаланылады және оған қызмет көрсетіледі;  
д) көпір құрылышы аяқталғаннан кейін Тараптар мемлекеттерінің және немесе олардың субъекттерінің үlestік меншігі болып табылады;

е) көпірге көліктік кіреберістер, қосалқы объектілар мен құрылыштар салуды осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген ұйымдардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында дербес жүзеге асырады және көпірдің құрылышымен бір уақытта аяқтайды;

ж) көпір өткелін салуға арналған конкурсты өткізу кезінде жобаның шекаралық көпір өткелінің ерекшелігін және оның іске асырылу шарттарын негізге ала отырып, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының сыныптан тыс көпір салу тәжірибесі, техникалық мүмкіндігі және тиісті қызметшілері бар мамандандырылған көпір салу ұйымдарын тең шарттарда тартуға.

Осы ұйымдар консорциумға бірлесуі мүмкін.

#### **4-бап**

Осы Келісім күшіне енгеннен кейін өте қысқа мерзімде осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген органдар осы Келісімнің ережелерін негізге ала отырып, ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізеді, көпір және шекаралық көпір өткелін салудың нақты мәселелерін, соның ішінде олардың нәтижелерін қоса алғанда, іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізуі реттейтін қажетті шарттық құжаттарды, көпірді пайдалану және оған қызмет көрсету режимін өзірлейді және оларға қол қояды.

#### **5-бап**

Осы Келісімді іске асыру кезінде шекаралық көпір өткелін салу, пайдалану және оған қызмет көрсету барысында туындастын әртүрлі дауларды шешуді Тараптардың үәкілетті органдары консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен жүзеге асырады.

#### **6-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **7-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тарапты осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабардар еткен күнінен бастап алты ай өткенге дейін  
күшиnde б о л а д ы .

2003 жылғы " " қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде алшақтықтар туындаған жағдайда, Тараптар орыс тілдегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК